

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда):
Бабамұратов Дәурен Әбутәліпұлы
3. Заңды мекен жайы, байланыс телефоны: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, №52 "в", корпус 1, 324 кеңсе
4. Грантты (бағыты) жүзеге асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы:
Грант бағыты: «Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту. Қоғамды дерадикализациялау»
Грант тақырыбы: «2018 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыруға азаматтардың тартылу деңгейін және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасының іске асырылуына халықтың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтанушылық сауалнама жүргізу»
5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру кезеңі (басталуы жылы мен айы/аяқталуы жылы мен айы көрсетілуімен):
Қыркүйек, 2018 жыл – қараша, 2018 жыл
6. Грантты жүзеге асыруға бөлінген қаржының жалпы сомасы: 14 893 600 теңге

Есепті кезеңде грант шеңберінде жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

1. Сандық көрсеткіштерді келтірумен әлеуметтік жобаларды, әлеуметтік бағдарламалардың барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың орындалу толықтығы):

№	Жобаның іс-шарасы	Күні, мерзімі	Өткен жері	Іс-шараның үлгісі	Қатысушылар саны	Жоспарланған іс-шараның орындалуының толықтығы
1	Әлеуметтанулық зерттеу аясында сауалнама жүргізу	Қыркүйек -қараша, 2018 жыл	ҚР 14 облысы мен 3 маңызды қаласы	Сауалнама	1834	Толығымен орындалды
2	Эксперттік сұрау	Қыркүйек -қараша, 2018 жыл	ҚР 14 облысы мен 3 маңызды қаласы	Эксперттік сұрау	102	Толығымен орындалды
3	Фокус-топтық кездесулер	Қазан-қараша, 2018 жыл	9 аймақ	Фокус-топтық талқылау	108	Толығымен орындалды
12	Зерттеу жұмысын БАҚ пен қоғамға таныстыру бойынша қорытынды дөңгелек үстел өткізу	29.11.2018	Алматы қаласы	Дөңгелек үстел	107 адам	Толығымен орындалды
13	Зерттеу жұмысын БАҚ пен қоғамға таныстыру бойынша қорытынды дөңгелек үстел өткізу	30.11.2018	Алматы қаласы	Дөңгелек үстел	52 адам	Толығымен орындалды

1) Әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның алынған нәтижелері:

Жобаның негізгі мақсаты - арнайы сауалнама арқылы жобаның әр өңірде жүзеге асуын анықтау және сол сауалнама нәтижелері арқылы арнайы нақты ұсыныстар жиілігін қалыптастыру. Әр өңірді аралау арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шынайы тұрғыдан іске асу деңгейін көру және бағалау. Аталған мақсатқа қол жеткізілгендігін келесі жоба бойынша негізгі нәтижелерден байқауға болады.

Жобаның негізгі нәтижелері:

1) Әлеуметтанулық зерттеу жұмысы 17 аймақ бойынша жүргізілді. 14 облыс және 3 республикалық маңызы бар қала. Зерттеуде әлеуметтануда танымал 3 әдіс қолданылды. Олар: сауалнама, эксперттік сұрау және фокус-топтық талқылау. Зерттеу жұмысы нәтижесінде талдамалық баяндама әзірленді. Сонымен қатар, 1 тұжырымдама (концепция), 2 әдіснама(методичка), 17 аймаққа арнайы SWOT талдау жасалынды. Арнайы мемлекеттік органдарға ұсыныстар жасалынды. Зерттеу нәтижесі бойынша

әзірленген құжаттар еліміздің 14 облысы мен 3 республикалық маңызы бар қаласына таратылды.

2) Республика бойынша 1835 адамнан сұрау алынды. 102 адам эксперттік сауалнамаға, 108 адам фокус-топтық талқылауларға қатысты. 2 дөңгелек үстелге 150-ден астам адам қатысып, пікір білдірді. 5 бейнеролик түсірілді. Сайттар мен әлеуметтік желілерде ай сайын жариялымдар жасалып отырды.

3) Жоба аясында 5 бейнеролик түсірілді. Бейнероликтердің қысқаша сипаттамасы келесідей: Бірінші бейнеролик жалпы «Рухани жаңғыру» жайында, екінші бейнеролик мектеп оқушыларының «Рухани жаңғыруға» қатысты көзқарасы, үшінші бейнеролик «Қасиетті Қазақстан» жобасы аясында Райымбек батыр кесенесіне арналған, ал төртінші бейнеролик «Қамқор бол» еріктілікке шақыру тақырыбында түсірілісе, бесінші бейнеролик «Рухани жаңғыру» шабыттандырған жастарға қатысты түсірілді.

4) Жобаның нәтижелерімен халықты таныстыру мақсатында қорытынды 2 дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге БАҚ өкілдері, жастар мен студенттер, сарапшылар мен социологтар, саясаттанушылар мен қоғам қайраткерлері қатысты.

2) Мақсатқа жетуі (деректерді сипаттау және мақсат жетістіктері туралы аргументтерді көрсету):

«Жастар үні» жастар қоғамдық бірлестігі аталған жоба аясындағы мақсатқа толығымен жетті. Мақсатқа толығымен жетуге келесі жағдайлар ықпалын тигізді:

Бірінші аргумент. Мақсатқа жету барысында зерттеу жұмысына кәсіби мамандар тартылды. Кәсібилік – жетістіктің жартысы. Сол себепті де зерттеу жұмысына кәсіби социологтар тартылды. Олардың әрқайсысы бірнеше республикалық сауалнама жүргізіп үлгерген нағыз мамандар. Сол себепті де біз барынша мықты эксперттерді жобаға тарттық.

Екінші аргумент - объективтілік. Қоғамда қалыптасқан шынайы көріністі ашық көрсету мақсатында нағыз өз саласының мамандары тартылды. Олар социологтар, политологтар. Сондықтан да жоба аясында жасалған зерттеу жұмысы айқын әрі нақты болып шықты.

Үшінші аргумент – жылдамдық. Жоба аясында зерттеу жұмысын жоспардан сәл кешігіп басталуына байланысты, жобаның зерттеу жұмысының басым бөлігі далада (полевоу зерттеу) өтуіне және республика бойынша өзге облыстарды қамтуына байланысты, біз барынша кәсіби әрі жылдам әрекет еттік. Нәтижесінде зерттеу жұмысы сәл кешігіп басталса да, жоспарға сай уақытта сәтті аяқталды.

Төртінші аргумент – эксперттік көзқарас. Жоба аясында жасалған зерттеу жұмысын, әдіснамалар мен тұжырымдамаларға сарапшылар шынайы пікірлерін білдірді. Көзқарастарын айтты және ұсыныстар ұсынды. Сондықтан да зерттеу жұмысы, жалпы жоба маңызды болып шықты.

Бесінші аргумент – қоғаммен байланыс. Бұл салада біз бірнеше бағыт бойынша қызмет еттік. Атап айтсақ, жобаның жүру барысы бойынша арнайы мақалалар, әлеуметтік желіде посттық жариялымдар салынып тұрды. Жобаның маңызы жайында тапсырыс берушімен келісе отырып, арнайы 5 бейнеролик түсірдік. Бейнероликтер Ю-тюб, Инстаграмм, Фейсбук, уатсап әлеуметтік желілері арқылы халық арасына ротацияланып, жақсы таралымдар жинады. Жобаның қорытынды 2 дөңгелек үстеліне арнайы қоғамның барлық буындары, студенттер, саясаттанушылар мен мемлекеттік қызмет өкілдері, АБҚО мүшелері мен социологтар, қоғам қайраткерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Жоба қорытындысы толық болу үшін қоғамдық саладағы эксперттер шақырылды. Жоба өз алдына қойған мақсатты толыққанды орындап шықты.

3) Жоспарланған нәтижелерге сәйкес қол жеткізген нәтижелер; жоспардан ауытқу негіздері; егерде ондай жағдайлар болған кезде:

Жоба аясында көрсетілген жоспардан ауытқу айтарлықтай жоғары деңгейде орын алмады. Алайда жобаның есебін тапсырыс берушіге өтініш хат жаза отырып, 5 желтоқсанға дейін заңды негізде ұзартты. Оған себепкер болған жайт, зерттеу жұмысының қорытынды баяндамасының жасалу уақытының тым аздығы болатын.

4) Әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыру аяқталған және/немесе жүзеге асыру кезінде болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу (жоба аяқталғанға дейінгі және аяқталған сәттегі жағдайды салыстыру, жоба шеңберінде мәселелер мен міндеттерді шешу деңгейі):

Аталмыш зерттеу жұмысын жасамас бұрын, аталған ұйымның қолында нақты мәліметтер болмады. Яғни олар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қоғамға қандай әсер етіп жатқаны жайлы тек қана гипотезалық түсінікте болды. Зерттеу жұмысы нәтижесі белгілі болған сәтте, нақты ақпараттар пайда болды. Соның ішінде «Еріктілікке» қатысты ақпарат жобаның қорытынды дөңгелек үстеліне қатысқан еріктілерді таңдандырды.

Әлеуметтік жобаның басында еріктілікке қатысты еріктілер арасында нақты түсінік болмады. Қоғамда да ондай түсінік болмағаны анық. Алайда зерттеу жұмысы бізге халықтың еріктілікке қатысты ойының бұлыңғыр екенін, еріктілікті ауылдық аймақта «Асар» деп, қалалық аймақта жастарға ғана тән деп түсінетінін көрсетіп берді. Осыған сәйкес Алматы қаласы «Еріктілер лигасының» координаторы Избасар Тахиров зерттеу жұмысының нәтижесіне сүйеніп, еріктілікке қатысты семинар тренингтер мен түсіндірме курстарын оқымақ

Зерттеу жұмысының нәтижесі бұл қызметке қатысты оң өзгерістерін тигізді. Избасардың пікіріне сүйенетін болсақ: «Еріктілікті біз барынша насихаттауымыз керек. Еуропа халықтарының 80 пайызы ерікті. Сондықтан да олар тез дамып кетті. Осыған сүйене отырып, зерттеу жұмысының ақпараттарына негізделіп, еріктілікті дамытуға қатысты курстар оқуды ойластырудамын» дейді.

Жобаға дейін халықтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен тек қана үстіртін таныс екені белгілі болды. Оны бізге арнайы сауалнама барысында халықтың басым көпшілігі «Рухани жаңғыру» бағдарламасын естігенін, алайда оның нақты қандай жобалары, қызметтері барын білмейтінін жеткізді. Халықтың көпшілігі «Рухани жаңғырудың» тек қана қалықтаған қыран ретінде елестететінін басып айтты. Осыған сәйкес біз халықты ақпараттандыру бойынша арнайы бейнероликтер түсіріп, оны танымал әлеуметтік желілер арқылы ротациялап жатырмыз. Бұл өте маңызды және жобаға дейінгі жағдайды өзгертті.

Жобаға дейін жалпы әр өңірге жеке-жеке «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы «Туған жер» арнайы жобасының «Атамекен» кіші бағдарламасының іске асуына қатысты SWOT талдау мен оларға қатысты ұсыныстар жоқ еді. Ендігі таңда, жоба соңында 14 облыс пен 3 республикалық қалаға арналған арнайы SWOT талдау мен ұсыныстар бар. Сондай-ақ, 2 әдіснама(методичка) және бір тұжырымдама (концепция) жасалынды.

2. Әлеуметтік жоба, әлеуметтік бағдарлама қатысушылары қиылысындағы статистикалық ақпарат:

1) гендерлік көрсеткіш:

Жоба қатысушылар саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
4500	3000	1500

2) санаттары бойынша әлеуметтік статусы:

Жоба қатысушылар саны барлығы	Жобалар (оның ішінде мүгедек-балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері	Мүгедектер	Ересек жастағы адамдар (50 жастағы және жоғары), оның ішінде зейнеткерлер	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес құрылымдарының өкілдері	Басқа да санаттар
4500	500	1500	300	150	50	300	300	200	1000

3) жас ерекшелігінің көрсеткіші:

Жоба қатысушылар саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
4500	200	500	500	1000	1000	800	500

2. Жоба қорытындылары:

1) нақты көрсеткіштер, мақсатты топтардың жобаны іске асыру барысында алған (сандық көрсеткіштерді келтірумен, сапалық қозғалыстарды сипаттаумен):

Жоба аясындағы мақсатты топ ҚР азаматтары болды. Олардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты пікірін білу мақсатында, 1835 азаматтан сауалнама алынды. 102 эксперттен expertтік сұрау алынды және 108 адамның қатысуымен 9 фокус-топтық талқылаулар өткізілді. Жоба нәтижесі азаматтардың ең алдымен, әлеуметтік мәселелерге мән беретінін дәлелдеді. Атап айтқанда, барлық сұрақта ең бірінші «отбасы құндылықтары» және «әлеуметтік мәселелер» тұрды. Әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері бойынша алынған нәтижелерге сәйкес арнайы ұсыныстар негізінде мемлекеттік тараптан халықтың әлеуметтік мәселелерін өзгертуге қатысты оң шешімдер қабылдануына септігін тигізуі сапалық өзгерістерге алып келетіндігі сөзсіз.

2) жобаны жүзеге асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақ мерзімді ықпалы (жобамен көзделген қандай болмасын салада болжанған жағымды/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):

Зерттеу жұмысы көптеген мәселелерді анықтап, олардың ұзақ мерзімде оң шешілуіне ықпал ететін ұсыныстарды қалыптастырып берді. Өйткені ҚР 17 аймағын қамтыған әлеуметтанулық зерттеудің нәтижесінде арнайы ұсыныстар жасақталды. Бұл ұсыныстар мен SWOT талдаулар әр аймаққа жіберіліп, арнайы ұсыныс кітапшалары да берілді. Соның нәтижесінде әр аймақ өзіне тән мәселені анық көріп, ұсыныс негізінде оны шешуге қабілетті болмақ. Сондықтан жоба ұзақ мерзімді позитивті өзгерістер әкелетіні анық.

